

**«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – де тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның мектеп асханасына азық-түлік жеткізілуін қадағалау туралы**

**Анықтама**

09.09.2024 жыл

2024 жылдың қыркүйек айында 2024-2025 оқу жылындағы мектептің алқалық басқару органы – қамқоршылық кеңесінің шешіміне сәйкес тізіммен бекітілген бастауыш 1-4 сыныптар аралығында білім алатын 61 (алпыс бір) білім алушы және жекелеген санаттағы, яғни, атаулы көмек тағайындалған 5-11 сыныптар аралығында оқитын 4 білім алушы, жалпы саны 65 (алпыс бес) білім алушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасына сәйкес мектеп асханасында 2 ауысымда бір мезгіл тегін тамақпен қамтылып отыр.

**Тауарлар** арасында сақталу мерзімі қысқа (ет, картоп, сәбіз, сүт өнімдері және т.б.) және ұзақ (күріш, макарон, томат, печенье, қант, кептірілген алма өнімі және т.б.) азық-түлік өнімдерін жеткізді. Сақталу мерзімі қысқа азық-түлік өнімдері бірден тоңазытқыш пен арнайы салқындатқыш режимі бар жабдықтарға салынды.

Жеткізілген азық-түлік тауарлар *тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу (бракераждық) жөніндегі комиссия құрамымен* сол күнгі қабылдау тізім қағазындағы (накладная) азық-түлік тауарлар тізімімен қабылданды. Әрбір тауардың салмағы мен саны мектептің тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераж) комиссияның құрамымен таразы арқылы есептелініп, тауарлардың сапасы мен сақталу мерзімі тексеріліп қабылданды. Қабылдау барысында құрамы бұзылған азық-түлік тауарын анықтаған жоқ.

Тамақтанып отырған 65 білім алушы арасынан I ауысымда -31, II ауысымда – 34 оқушы асханада тамақтануда. Балалардың уақтылы 2 ауысымда тамақтануы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері тарапынан үздіксіз қадағаланып отыр.

Мектеп директоры



А.К.Махамбетов

Әлеуметтік педагог: *Л.Х.Куленова*